

**Нотариаттық түрде
куәландырылған құжаттарға
теңестірілген өсиеттер мен
сенімхаттарды лауазымды
адамдардың куәландыруы**

Нотариаттық куәландырылған құжаттарға мыналар теңестіріледі:

ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінде тұрып жатқан азаматтардың, осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

әскери қызметшілердің, ал нотариустары мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан пункттерінде, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің осы бөлімдер, құрамалар, мекемелер мен орындардың командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлер мен басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медициналық жағынан орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан кәмелетке толған жастағы іс-әрекет қабілеті бар азаматтардың осы мекемелердің немесе халықты әлеуметтік қорғаудың тиісті органының басшысы куәландырған сенімхаттары;

бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

жүзу кезінде Қазақстан Республикасының туы астында жүзіп жүрген теңіз мекемелерінде немесе ішкі суларда жүзіп жүрген кемелердегі азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

тергеу изоляторларында отырған адамдардың тергеу изоляторларының бастықтары куәландырған сенімхаттары.

Лауазымды адамдар куәландырған өсиеттерді нотариусқа беру

Осы Заңның 37-бабында санамаланған лауазымды адамдар өсиет куәландырылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, ал егер бұл дәлелді себептермен мүмкін болмаса, осындай мүмкіндік пайда болған кезде куәландырылған өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының тұрақты тұрғылықты жеріндегі нотариусқа сақтауға дереу беруге міндетті.

Егер өсиет қалдырушының Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе оның тұратын жері белгісіз болса, өсиет Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейтін нотариусқа жіберіледі.

Куәландырған өсиеттердің уақтылы берілмеуі салдарынан мұрагерге (мұрагерлерге) келтірілген шығын үшін лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Нотариус сақтауға келіп түскен өсиетті тексеруге және оның заңға сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тиісті дәрежеде ресімдеу үшін өсиет қалдырушыға және өсиетті куәландырған лауазымды адамға бұл туралы хабарлауға міндетті.